

*Майманова Н.Н.**магистрант, М.Өтемісов атындағы БҚМУ*

## ӘБІЛМӘМБЕТ БОЛАТУЛЫНЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Қазақ тарихындағы күрделі тұлғалардың бірі – Орта жүз ханы Әбілмәмбет Болатұлы. Бүгінге дейін оның қоғамдық-саяси қызметі, тарихи портреті талқыланбай, тиянақты бағасын ала алмай келеді. Егемендік алуымызбен оның тарихы қайтадан саралана бастады.

XVIII ғасырдағы зерттеушілер П.И.Рычков, XIX ғасырдағы зерттеушілер А.И.Левшин, қазақстандық тарихшы ғалымдар И.В.Ерофеева, Ж.Қасымбаев, Р.Б. Сүлейменов, В.А. Моисеев, Н.Г.Аполлова, Ә.Қ.Мұқтар, т.б. зерттеулері Әбілмәмбет ханның ата – бабасын, өмір сүрген заманын, қоғамдық-саяси қызметін толықтыра түседі.

Мәселен, Әбілмәмбет Болатұлының қоғамдық-саяси көзқарасының қалыптасуына ата-бабасы, олардың қазақ қоғамындағы атқарған қызметтері, көршілес халықтармен, мемлекеттермен байланыстары сөзсіз ықпал жасады.

XVI-XVIII ғасырларда Қазақ хандығында негізгі орталық билік Жәдік сұлтан ұрпақтарының қолында болып, қазақ хандары осы әулеттен сайланып отырды. Оның үстіне Қазақстан территориясындағы Жәнібек хан ұрпағынан тараған қазақтың билеуші әулетінің басым көпшілігін Жәдік сұлтанның көптеген ұрпақтары құрады. Ол туралы 1910 жылы Қазан қаласында жарық көрген Құрбанғали Халидтың «Тауарих хамса» (бес тарих) еңбегінде: «Орыс хан ұлы Жыңхан, ұлы Бадақұл, Барақ хан, ұлы Жынтекей хан, ұлы Жәдік хан, ұлы Сығай хан, ұлы Есім хан-бір әйелден. Сығай ханның екінші әйелінен екі ұлы бар: Сейітқұл және Оннан хан. Бұл Оннан батыр болды, қызыл ту астынан шығып, өзінше дербес ақ ту көтерген. Есім хан ұлы Жәңгір хан, ұлы Тәуке хан бір әйелден жеке. Мұның ұлы Болат хан, ұлы Әбілмәмбет хан, ұлы Әбілпейіз хан қызыл тулы төрелердің бабасы. Болат баласы Әбілмәмбетті қызыл ту беріп, өз орнына қойып, Абылайға жасыл ту беріп, кейбір тайпаларға уәли (басшы) қойған.

Екінші бір нақыл: Барақ хан, ұлы Бадақұл, ұлы Жәдік хан, ұлы Сығай, ұлы Есім, ұлы Жәңгір, ұлы Тәуке, ұлы Болат, ұлы Әбілмәмбет, ұлы Әбілпейіз хан» [1, 103-104 бб.] делінсе, 1911 жылы Орынбор қаласында басылып шыққан «Түрік, қырғыз-қазақ нәм хандар шежіресінде» Шәкәрім Құдайбердіұлы Әбілмәмбетті Қасым ханның баласы Жәдіктен таратып, қазақ хандығының соңғы ханы – Болаттың үлкен ұлы, Тәуке ханның немересі деп тұжырымдайды [2, 52-53 бб.].

Ерофеева И.В. «Родословные казахов и кожа XVIII – XIX вв.» еңбегінде «Сығай хан, ұлы Есім, ұлы Жәңгір, ұлы Тәуке, ұлы Болат, ұлы Әбілмәмбет, ұлдары - Әбілпейіз, Жошы, Сарт» деп баяндайды [3, 164-165 бб.].

Қазақтың құймақұлақ жандарының бірі Кіші жүздің атақты батыры табын Бөкенбайдың айтуы бойынша, XVIII ғ. 30-шы жылдары ресейліктер алғашқы рет қазақ руларынан, Шыңғыстан тарайтын, хан тұқымының шежіресін жазып алған. Кейіннен Орта жүз ру басшылары мен Ұлы жүздің билері-батырлары қосқан деректерге байланысты бұл мәліметтер толықтырылды. 1748 жылы бір жүйеге түсті.

К.Төвкелевтен кейін қазақ шежірелерін, соның ішінде қазақ төрелерінің мұрагерлік жолын, ескі хандардың үрім-бұтақтарын зерттеуді князь В.Урусов жалғастырды. 1740 жылы Ор кездесуінде князді қызықтырған көптеген сауалдарға Орта жүз Нияз батыр жауап берген. Ол деректердің ішінде Шыңғыс ханнан бастап Әбілмәмбетке дейін тарататын хандар шежіресі бар. Орынбор басшыларының қазақ төрелерінің шығу тегі мен тарауына, жол тәртібіне қатты қызығуы Ресейдің саяси жоспарларына тікелей байланысты болса керек деп жорамалдауға болады.

Қазақ ішінде қалыптасқан хан сайлау дәстүрлері жөнінде XVIII ғасыр бірсыпыра дерек береді. 1740 жылы князь Урусовпен болған сұхбатта Жәнібек

батыр Әбілмәмбетті Түркістанда 1739 жылы хан сайлағандарын, оны сүйеген арғын-алтай, керей-уақ сияқты әулетті елдер екенін мәлімдеді. Қазақтың таңдаулы билері ақ киізге салып көтерген, көп мал сойылған. Ақ киізді жиынға қатысқан ел қылдай қылып бөліп әкеткен. Ханға ең сенімді болатын рулар сол ақ киізбен көтергендер болмақ. Ханның жеке басының қасиетіне, не ата мұрасына байланысты хан-сұлтанның үлесіндегі ел әр шамада болады [4, 155, 404-408, 578 бб.] делінсе, Орта жүз ханы болуға көп ұмтылған сұлтанның бірі Тұрсын болатын. Қазақ ханы Жәнібектің бір баласы Жәдік болса, оның баласының бірі Шығай хан еді. Сол Шығай ханның ұрпақтары ер болғанда балалары Күшік пен Барақ әкесінің ісін жалғастырып хандықтан дәмесін үзген жоқ. 1724 ж Орта жүз ханы Болат Тәукеұлы қайтыс болған соң Сәмеке, Әбілмәмбет сынды Тәуке хан ұлдары хан болғанда да олар тек Орта жүз ғана емес, Орта жүздің бірнеше рулары бағынатын Кіші жүз ханымен де қырғи – қабақ болады... Алайда Әбілқайыр ханмен құдандалы жағдайда болғаны себепті, жегжаттық қатынасы да болды... Күшлік сұлтанның бір қызы Әбілқайырдың үлкен баласы Нұралыға ұзатылған.

Отарлық қамытты сезініп, «орыстардың башқұрттарды талқандап, үлкендерін өлтіріп, жастарын солдатқа алып, балаларын шокындыруды бастағандығын» алға тартқан 40 башқұрт елшісі 1737 жылы 30 сәуірде Әбілмәмбет сұлтанға келген. 1737 жылы тамызда Ноғай жолының башқұрттары Әбілмәмбетке келіп, Абылай сұлтанды өздеріне хан ретінде тағайындауын сұрады.

Әбілмәмбеттің өзі ұлысына 45 түгін қабылдады. Ресейдің түрлі уәдесін тыңдап қана қойған Әбілмәмбет пен Абылай В.Н. Татищев пен А. Тевкелевтің «қазақ рулары, соның ішінде арғын, найман рулары бізге бағынбайды, олардың өздері Еділ қалмақтарының шабуылын күтіп, қауіптенуде» деп жауап қайтарып, башқұрттардың қайтару ұсыныстарының жүзеге аспайтындығын сездірген [5, 248 қ., 17 т., 1164 кітап, 769 п.].

Орыс тарихшысы А.И.Левшин «1739 жылы Орта жүзде Сәмеке ханның орнына хан сайланудан бұрын Әбілмәмбет хандық билік жүргізген», – деп жазады [6, 198 б.]. Ш.Уәлиханов та осы пікірді қолдайды.

Қазақстандық тарихшы Ә.Қ.Мұқтар «Орта жүздегі Сәмеке Тәукеұлы Болат хан қайтыс болған соң, 1723-1738 жылдары, одан кейін Әбілмәмбет Болатұлы хандық таққа 1739 жылы отырды. Әбілмәмбеттің Орта жүз хандығына сайланған 1739-1748 жылдары Әбілқайырдың орыс үкіметімен байланысының күрделі кезеңі болатын. Мұрағат деректерінде Әбілмәмбет Сәмеке ханның тірі кезінде үнемі жанынан табылды» [7,32-33 бб].

Әбілмәмбет туралы айтылатын жыр-дастан, әңгіме-аныздар да Әбілмәмбеттің есімімен байланысты болып келеді. Мысалы, ел бірлігі мен татулығын көксеген көреген Қожаберген қыраудың жырларында былай делінген:

«Орта жүзді төрелер,  
Екі бөліп билеген.  
Алдап момын қауымды,  
Нан есепті илеген.  
Бөлшектеп елді басқарды,  
Әбілмәмбет пен Сәмеке.  
Бір хандық төртке бөлінсе,  
Бола ма халқым береке?  
Әбілмәмбет солқылдақ,  
Ақ балшықша борпылдақ.  
Келіспейді ерлермен,  
Қабандарша қорсылдап.  
Соңына халқын ерте алмай,  
Шепті бұзып өте алмай.  
Әбілмәмбет хан қиналды,  
Қоршаудан шығып кете алмай.  
Шағырмақ күнім түн болды,

Хан, сұлтандар жым болды.

Сәмеке, Болат, Барақтың,

Әлсіздігі шын болды» [8, 62,78 бб.], - деген өлең жолдарының өзін жан-жақты саралап, құжаттармен салыстырған өте дұрыс пікір. Өйткені, Әбілмәмбет 1748-1767 жж. бас хан болды.

Н.Мұқаметқанұлының «Ана тілі» газетінде жарық көрген «Абылай хан арандатудың құралына айналмайды» атты мақаласында «1738 жылы 10-шы тамызда Әбілқайыр ханның Ресей патшасына жазған хатында: «...Орта жүздің сұлтаны Әбілмәмбет пен Абылай бұл күнде қазақ даласында көшіп жүр. Жер шалғай болған соң, ант беру рәсімінен өткен жоқ...», 1740 жылы 19-шы тамыз бен 1-ші қыркүйекте Кіші жүз бен Орта жүз қазақтарының – Орынбор қаласына келген өкілдерімен В.Урусов жүргізген келіссөздің хаттамасында: «кешке қарай генерал В.Урусов Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтанға тілмаш Максұтов арқылы бір үлкен шатыр жіберді...». 1740 жылы 8 қыркүйекте Орынбор комиссиясының бастығы В.Урусовтың Сыртқы істер алқасындағы мәлімхатында: «Сыртқы істер алқасынан биылғы 3 мамырда маған Орта жүздің билеушілері Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтанға тапсыру үшін грамота жіберілген еді. Грамотада олар ел ағалары деп аталған. Ал ежелгі хан тұқымдарынан шыққан Әбілмәмбет пен Абылай қашаннан сұлтан деп аталатын көрінеді. Мына Әбілмәмбет бұл күнде халықтың сайлауымен Орта жүздің ханы болып отыр...», деген қорытындыға келеді [9, 3-4 бб.].

XVIII ғасырдағы зерттеушілер П.И.Рычков, Н.П.Рычков «1740 жылғы тамыздың 28-ші жұлдызында Орта жүздің Әбілмәмбет ханы мен Абылай сұлтан барлық рубасыларымен және білікті адамдарымен Орынбор қаласында өткен қазақ-орыс келіссөзінде қабылданады. Орта жүз ханы Әбілмәмбет және Абылай сұлтан осы кездесу үстінде «Ресейдің қоластына қараймыз, оған сенімді боламыз» деп ант бергенімен, олардың Ресеймен қарым-қатынасы Кіші жүзге қарағанда әлдеқайда нашар және тұрақсыз болды» [10, 25 б.]. Кеңестік тарихнамада А.Сабырханов «...Орта жүз сұлтандарының Ресейге қосылуына байланысты енді патша үкіметінің Қазақстандағы ықпалы одан әрі күшеюге тиіс еді» [11, 49 б.].

1741 жылы ақпан айының соңында жоңғарлар «барлық қазақ Ордаларын түбірімен жою үшін» Орта жүзге басып кірді. Оның себебін Сібір губернаторы П.И.Бутурлин Сыртқы істер алқасына «қазақтар Қалдан-Сереннің туысын ұстап алып өлтірді, одан кек алу үшін әскер аттанды» деп түсіндірді [12, 75 б.].

1742 жылы Әбілқайыр ханға келген Қалдан Серен елшілері Қошке мен Бұрын 28 тамызда Орынбор комиссиясы басшысы И.Неплюевпен кездесуінде Абылайдың «Жоңғарларда атақты және Қалдан Сереннің жегжатын» өлтіргені үшін арнайы қолға түсірілгені, бірақ қазақ сұлтанының «ізетпен ұсталуда» екендігін жеткізеді. Қошке нойонның айтуынша, Ұлы жүздің 8 жылдан бері Жоңғарияға аманат беретіндігін, 1741 жылдың күзінде Әбілмәмбет хан, Барақ сұлтан, Жәнібек батырдың Қалдан Серенге елші жібергендігін айтады. Аталған кезеңде Ұлы, Орта, Кіші жүздер басшылары үнемі өзара кеңестер өткізіп, ақылдасып жоңғар билеушісімен келіссөздер жасауды жақтайды. Әбілқайыр ханның айтуынша, 1741 жылы Әбілмәмбет хан мен Барақ сұлтан өзімен «Ресей бағыты жөнінде» ақылдасса, көп ұзамай 1742 жылы көктемде өзі, Әбілмәмбет, Күшік, Барақ, Есет, Жәнібек, Алтабай, Терек, Жапақ, Төм батыр, .б. бірігіп, төменгі қалмақтар билеушісі Зайсанг Будангюкпен келісімге келіп, соғысты тоқтатады.

Орыс елшілігі Жоңғарияға аттанған тұста, Әбілмәмбет хан, Барақ сұлтан, Қазыбек би, т.б. қазақтар арасында өткен Кеңес қорытындысы бойынша аманат мәселесін іс жүзіне асырады. Орыс үкіметі қаншалықты кедергі жасауға тырысқанымен, Әбілмәмбет хан ұлы Әбілпейіз сұлтанды Нияз батырмен бірге аттандырып жібереді. Оларды арғын Бәсентиін Малайсары батыр бастап барған. Мұны естіген И.Неплюев 1742 жылы 18 қарашада сыртқы істер Коллегиясына Әбілмәмбет ханның кіші баласын Жоңғарияға жібергенін, ал үлкені үйінде қалғанын, мүмкін болса, қолға түсіріп Ресейге алдырту қажеттігін ұсынады.

Орынбор комиссиясы басшысы осындай әрекет жүзеге асса, Әбілмәмбет хан тек бір бағытта «Жоңғарияға ғана» тәуелді болмайды, бізбен де есептесуге мәжбүр болады деп келтіреді [6, 38, 57-60 бб.].

Ерәлі сұлтанның қарамағындағы Керей руында болған И.Лапин мен М.Аксаковтар 1743 жылдың шілде айының екінші жартысында Әбілмәмбет ханға Абылай сұлтанның бес елші келіп, «оның тұтқыннан босап, елге бағыт алғандығын және жанында 30 жоңғар елшілері бар екендігін» хабарлады [13, 122 қ., 1743 ж., 3 іс, 122 п.].

1742-1743 жылдары Жоңғария мен Қазақ Ордасы арасында тығыз байланыс пайда бола бастады. Әуелі Абылайды тұтқыннан босату керек болғаны мәлім, кейін келе қазақтар қара қалмақтан Түркістан қалаларын сұрады. Осы мәселелердің шешімі тағы да «Ақ үйлі аманатқа» байланысты. Алдыменен аманатқа Әбілмәмбет баласы Әбілпейіз аттанды.

XVIII ғасырдың 40–70 жылдары Түркістан қаласы Қазақ ордасының ұлы ханы Әбілмәмбетке қарады. Түркістанның төңірегінде орналасқан қалалар Әбілмәмбет пен Сәмекеннің балалары арасында бөлінді, қалалардың көпшілік бөлігі Орта жүздің әйгілі сұлтаны Барақ сұлтанға, ал кейіннен оның балаларына бағынды. Мұрағат құжаттары мен қазақтың халық аңыздарында Әбілмәмбет хан мен Сәмекеннің ұлы Есім сұлтан арасында Түркістан үшін туған өте келеңсіз жағдай туралы айтылады. «Орта қырғыз-қайсақ ордасының» бұрынғы ханы Сәмеке қайтыс болғаннан кейін сол Орта орданың ханы болып Әбілмәмбет сайланды, содан кейін ол Түркістанға да хандыққа шақырылды, бірақ сол екі арада Түркістан қаласының көптеген уездік қалалары Түркістанда бұрынғы Сәмеке ханның балаларынан хан болуын іштей тіледі... [14, 188 б.].

П.И.Рычков, Н.П.Рычков «Орта жүздің ханы Әбілмәмбет орданың басқа сұлтандарымен бірге Түркістан жаққа көшіп кетті. Мұның бәрі бұлардың толқымалығын білдірсе де, олар да, ол жердегі басқа қазақтың бәрі де тыныш тіршілік етті.

Өткен жылы ордадан Түркістанға көшіп кетті делінген Орта жүздің ханы Әбілмәмбет биыл жазда ордасына бет бұрып, келіп жеткеннен кейін Орынбордағы құпия кеңеске хат жолдады. Онда Түркістанға құдайға құлшылық етіп қайтуға барғанын, ал енді өз ұлысына оралып, әмірін орындауға дайын екенін білдірді. Алайда күз түсе тағы сол жаққа кетіп, ордасында ұлы Болат сұлтанды қалдырып, ол да жұрт алдында адалдық анттын берді...», деген қорытындыға келеді [10, 40-41 бб.].

Левшин былай деп жазады: «Орта жүздің ханы Әбілмәмбет Әбілқайырдың түрлі қастандығынан сақтану үшін, 1744 жылы Түркістан қаласына шегініп барды. Сөйтіп, шекара үкіметінен байланысын бүкілдей үзіп кетті. Бұдан тыс оның Ресейдің көмегіне болған қажетті, ол баласын кепілге беріп отырған жоңғарлардың қолдауына ие болу қажетіне әлдеқайда жетпейді. Әбілмәмбет тіпті жоңғарлар билеп тұрған Түркістан қаласының ханы болуға бет бұрды» [6, 209 б.].

1743 жылы 25 қыркүйекте Орынбор губерниясының губернаторы және құпия кеңесші Неплюев Әбілмәмбет ханға Самараның қазағы Мансур Асановтан хат жіберген болатын. 1744 жылы 24 маусымда Мансур Асанов елге оралып, кеңесшіге: «...Хан Түркістанға хандық құруға барады, тек Түркістанға хандық құру үшін емес, сонымен бірге Үлкен Орда мен Ташкентке де хан болып, ұлы императорға бағынышты болуды міндетіне алады. Бірақ ол, Мансур ханмен бармайтынын айтқан кезде хан генералға емес, сонымен қатар императордың өзіне жеткізетінін айтады. Алайда Түркістанға Мансур ханмен бірге барады. 12 күндік жол жүреді. Ал Әбілмәмбет хан қалаға жақындаған кезде қаланың барлық халқы ханды қарсы алады. Арнайы салтанатты жиын өтеді. Хан қалаға кірген бойда орталық мешітке барады, содан соң қайын атасы Хожа Бабаның үйіне барып тоқтайды. Хан оның қызына жеті жыл бұрын үйленген болатын. Түркістан халқы Әбілмәмбет ханды қуанышпен қарсы алды. Бұрын халық Сәмеке ханның баласы Сейіт ханды жас көріп қабылдамаған болатын. Содан соң Түркістан тұрғындарына

арнайы жиын өтіп, халық Сейіт ханды хандықтан тайдырып, Әбілмәмбетті хандыққа сайлауға келіседі...», – дейді [15, 33-34 бб.].

Түркістан қаласы әлі де Әбілмәмбеттің меншігінде. Хан кейде қаланың өзінде тұрса, кейде маңында көшіп жүреді. Қанша жерден қаланы биледі дегенмен қазақ сұлтандары мен билерінің көшпелі тұрмыстан қол үзіп кетпегенін деректер анық дәлелдейді.

1761 ж. Әбілмәмбет хан мен елбасылары арасындағы реніштің себебі Түркістан қалалары болды. Хан елбасыларының алым-салықты көбейту талабына қарсы шықты. Егер сарттарға алымды күшейтсек, қолындағысының бәрін тонап алсақ олар азып, қаланы тастап кетеді деген ханның уәжін ел басылардың көпшілігі тыңдаған жоқ. 1762 ж. Түркістан үшін Әбілмәмбет пен Сәмеке ханның ұлы Есім арасында дау басталды. Сарттар Есім сұлтанды қолдап Әбілмәмбетті қаладан айдап шықты. Ақыры 1762 ж. қаракесек ұлысында Қаз дауысты Қазыбек би бұл даудың шешімін айтып, хан мен сұлтанды татуластырып, екеуіне Түркістан уәлаятын қылдай қылып тең бөліп берді. Сарттар арасындағы наразылыққа байланысты 1734 ж. Жолбарыс ханның өлуі, 1751 ж. Иқанда Барақ сұлтанның қожя қолынан екі баласымен уланып өлуі, т.б. оқиғалар қалаларды билеу тым оңай іс емес екенін көрсетсе керек. Оңтүстіктегі қалалық өңірге қазақ сұлтандарының билігі XVIIIғ. соңына дейін жүрді.

Әбілмәмбеттің некесі туралы деректерде кездеспейді. Оның бірінші әйелінен: Болат, Әбілпейіз, Тәуке, Әбілтеке деген балалары болған. 40-жылдардың басында Түркістан тұрғыны Хожа-Бабаның қызына үйленгендігі туралы [16, 115 б.] баяндайды.

1757 жылы Қытай қолбасшылары Фу Дэ, Чжао Хой бастаған әскер Қазақстан шекарасына басып кірген болатын. Цин әулетімен әскери-саяси тартыстың қазақ елі үшін қауіптілігін түсінген Әбілмәмбет, Абылай, Әбілпейіз ақылдаса келе, Қытай мемлекетімен арадағы кикілжіңді келіссөзбен шешуге бел байлады. Сөйтіп, XVIII ғасырдың 20-30 жылдарында жоңғарлар басып алған шекаралық аймақтағы жайылым жерлер дипломатиялық жолмен қайтарылып алынды.

XVIII ғасырда қазақтар мен қырғыздар арасындағы алғашқы қақтығыстар туралы белгілі орыс тарихшысы А.И.Левшин: «1760 жылы Орта жүздің қырғыз-қайсақтары жабайы қырғыздарға немесе буруттарға жорық жасап, үлкен шығынға ұшыратты», – деп жазды. 1760 жылы 19 қаңтардағы орыс армиясының полковнигі Т.Томастың Сібір әскерінің бригадирі фон Фрауендорфқа берген рапортында 1759 жылы Орта жүз сұлтандары Әбілпейіз бен Ханбаның 15 000 қазақ әскерімен қырғыздарға жорық жасағандары және бұл жорыққа қазақтардың малдарын қырғыздардың айдап кетуі сияқты түрлі қылмыстық әрекеттері, Қытаймен және Ташкентпен сауда-айырбас жасауы себеп болғандығы туралы айтылған. Бұл мәліметтен көріп отырғанымыздай, қазақ және қырғыз феодалдарының өзара келіспеушіліктеріне Синьцзян мен Ташкент сауда қатынастарына үстемдік етуге деген бәсекелестік те себеп болған. Орыс деректеріне қарағанда, 1762 жылы күзінде Баркөл маңында орналасқан Цин әскерлерінен Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтанға елшілер келген. Бұл елшілік Абылай мен Әбілмәмбеттен Цин әскерінің Самарқанд пен Түркістанды басып алу үшін 1763 жылы жасамақ болған жорығына бірге аттану үшін қазақ жасақтары дайын тұруын талап еткен. Қазақ билеушілері өзара ақылдаса келіп, жаңа көршілерінің бұл талаптарын орындаудан бас тарту туралы шешімге келген.

Қазақтардың жорықтары туралы 1765 жылы сәуір айында генерал – поручик Шпрингердің шет елдер істері жөніндегі коллегия атына «Орта жүз сұлтаны Әбілпейіздің қырғыздарға қарсы жасаған жорығы туралы» жолдаған рапорты көп мәлімет береді. Бұл рапортта 1765 жылы қазақтардың қырғыздарға жорыққа аттануына қырғыз билеушісі Қарабұта бидің қол астындағы қырғыздармен Ташкент саудагерлерінің керуендерін Орта жүз аумағына жібермей, талап – тонаулары себеп болғандығы айтылады.

Бірақ Абылай хан қырғыздарға жорық жасау туралы түпкілікті шешімді Әбілмәмбет ханмен кездесуден кейін ғана қабылдаған. Мұның алдында Әбілмәмбет қырғыздарға қарсы бірігіп жорық жасау туралы Абылайға хат жолдаған болатын. Көптеген рубасылары қырғыздармен даулы мәселелерді бейбіт жолмен шешуді ұсынғанымен, Абылай хан қырғыздарға жорық жасау туралы шешім қабылдады.

1762 жылдың өзінде-ақ Абылай сұлтан мен Әбілмәмбет хан Орта Азияны басып алуға бара жатқан Қытай армиясын өз иеліктері арқылы өткізуден бас тартқан еді. Ақсақалдар кеңесінде «Қытай әскерлеріне қарсы аттанғанда түркістандықтар және самарқандықтар болсын... қазақтар солармен бірге соғыссын» деген шешім қабылданды [17, 26-27 бб.].

1758 жылы Орынбор кеңесі жіберген М.Шихов былай деп жеткізген: «Үлкен орда қазір өз ханы Төле бидің иелігінде болып отыр, ол Сайрамға ... жақын жерде көшіп жүреді, ал Түркістан қаласына Әбілмәмбет хан билік етіп отыр, ол Абылай сұлтанның ағасы және оның Орта ордасы көбінесе соны тыңдайды, ол, Әбілмәмбет хан, Түркістанға жақын жерде көшіп жүреді. Ал көбінесе Түркістан қалашығының өзінде де тұрады және оның тұрғындарынан барлық адамдарды жинап алады».

Әбілмәмбеттің мәртебесі екі жақты болды. Бір жағынан, ол жоғарғы хан деп есептеле берді және Ұлы жүз бен Орта жүз қоныстарын тексеру сапарына жиі шығып тұрды. Ханмен бірге Түркістан қаласына сапар шеккен М.Асанов «оның, ханның дағдылы жүрісі сияқты, өте баяу жүріс болды, өйткені қандай киіз үй кездесе де, соған барып, әрқашан қонып қалады» деп хабарлады. Екінші жағынан Әбілмәмбет Абылайсыз бірде-бір елеулі шешім қабылдамайтын, тіпті оларды ықпалды сұлтанға тапсыра салатын. Мәселен, 1763 жылы Орталық Азия елдерінің циндерге қарсы одағына қосылуға шақырып, өзіне жолданған хатты ол Абылайға жіберген.

1762 жылы Әбілмәмбет өзінен Сәмекеңнің ұлы, хан атағынан дәмелі Есім содан 4 жыл бұрын алып қойған Түркістан қаласын Абылай сұлтан мен Қазыбек бидің арада жүруі арқасында ғана қайтарып алды деп көрсетеді [14, 151-262 бб.].

Әбілмәмбет хан есімі орыс деректерінде соңғы рет 1768 жылдың желтоқсанында аталады. Ол бойынша Орта жүзден барлаудан оралған К.Юсупов пен У.Аслаев 1768 жылы 27 қарашада Орынборға келіп, Әбілмәмбет ханның амандығын жеткізді [18, 3 қ., 98 іс., 281-283 п.].

Сондан кейін мұрағат қорынан кездеспейді. Қытай деректемелерінде 1768 жылы Әбілпейіз «қазақтың ел ағасы» ретінде атала бастады [19, 379 б.]. Соған қарағанда Әбілмәмбет көп ұзамай қайтыс болған. 1769 жылы Шың патшалығы үкіметі «Әбілмәмбеттің асына 200 тұяқ жылқы ақтық салып, арнаулы адам жіберген» [9, 60 б.] деп жазса, И.В.Ерофеева «Әбілмәмбет 1771 жылы Түркістан қаласында қаза тауып, сонда жерленеді» деп көрсетеді [16, 115 б.].

Қорыта келгенде, Әбілмәмбет хан тарихы – егемен еліміздің тар жол тайғақ кешу кезеңіндегі жүріп өткен жолы. Одан сабақ алу, бар өмірін қазақ жауларын тұмшалауға арнаған Әбілмәмбеттің ұлан-байтақ халқымыз бен территориямыздың тұтастығын сақтаудағы рөлін мойындау, ұрпаққа үлгі ету, ұлықтау маңызды.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1.Халид Құрбанғали. Тауарих хамса (Бес тарих) / Ауд. Б. Төтенәев, А. Жолдасов. –Алматы: Қазақстан, 1992.–304 б.

2.Құдайбердіұлы Ш. Түрік қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – Алматы: Қазақстан; Сана, 1991. – 80 б.

3.Ерофеева И.В. Родословные казахских ханов и кожа XVIII – XIX вв. (история, историография, источники). – Алматы: ТОО «Print-S», 2003. – 178 с.

4.Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках (Сборник документов и материалов). –Алма-Ата: АН КазССР, 1961. – 744 с.

5.РМКАМ. 248 қ., 17 т., 1164 кітап, 769 п.

6. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей / Под общей ред. М.К Козыбаева. – Алматы: Санат, 1996. – 656 с.
7. Мұқтар Ә.Қ. Тарих тұңғиығындағы тұлғалар. – Алматы: «Арыс», 2008. – 240 – б.
8. Әбуталиев Н. Ордабасы Қожаберген. Тарихи очерк және дастандар. – Алматы: Жеті жарғы, 1995. – 104 б.
9. Мұқаметқанұлы Н. Тарихи зерттеулер: шежірелік деректер. – Алматы, 1994. – 144 б.
10. Рычков П.И., Рычков Н.П. Капитан жазбалары. – Алматы: «Ана тілі», 1995. – 104 б.
11. Сабырханов А. Қазақстан мен Россияның XVIII ғасырдағы қарым-қатынасы. – Алматы: «Ғылым», 1970. – 140 б.
12. Русско-дзунгарские отношения (конец XVII-60-е гг. - XVIII вв.). – С. 75
13. РИССМ. 122 қ., 1743 ж., 3 іс, 122 п.
14. Көне заманнан бүгінге дейінгі Қазақстан тарихының 3 томы. – Алматы, 2002. – 768 б.
15. Нәсенов Б. Әбілмәмбет ханның Түркістанға хан сайлануы // Қазақ тарихы. – 2007. – №5.
16. Ерофеева И.В. Казахские ханы и ханские династия в XVIII – середине XIX в.в. // Культура и история Центральной Азии и Казахстана: проблемы и перспективы исследования. Материалы к Летнему Университету по истории и культуре Центральной Азии и Казахстана. Алматы: Издание Института философии МН-АН РК, 1997, - 46-144 с.
17. Әлиекенов Е. Абылай ханның қырғызға жорықтары // Қазақ тарихы. – 2007. – №1.
18. ОРОММ. 3 қ., 98 іс., 281-283 п.
19. 100 құжат (Қазақ хандығы мен Чиң империясы арасындағы қарым-қатынастарға байланысты құжаттар). – Алматы, «Санат», 1998. – 176 бет.

\*\*\*

*В статье рассматривается политическая деятельность и биография Абилямбет хана.*

\*\*\*

*The biography and political status of Abilmambet Han is looking on the article.*

ӘОЖ 925:94(574)

*Қуанышбаева Г.С.*

*магистрант, М.Өтемісов атындағы БҚМУ*

## **Б. ҚҰЛМАНОВ ЖӘНЕ АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ**

Біздің еліміздің тарихында аты қалған батырлар, қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері өте көп. Әсіресе аты алты Алашқа әйгілі - Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Халел және Жаһанша Досмұхамедовтер, Б. Құлманов сияқты зиялы қауым өкілдерінің ерліктері мен еңбектерін айтпасқа болмас. Олар - өздерінің бар күш-жігерін халқының азаттығы үшін, елінің егемендігі үшін, Алаш қозғалысын құру үшін қасық қаны қалғанша жанын аямай күрескен батырлар, еліміздің біртуар азаматтары. Солардың бірі - Бақтыгерей Құлманов.

Б. Құлманов - ұлт мүддесі жолында қызмет еткен Алаштың белгілі қайраткері. XIX ғ. екінші жартысында қазақ халқы өзін-өзі билеу құқығынан айырылып, Ресейдің отар еліне айналды. Әсіресе, қазақ халқы шұрайлы жерлерінен айырылуы шегіне жеткен кезде, бұл мәселені тайсалмай Ресей үкіметінің алдына қойып, шешімін табуды талап еткен де Б. Құлманов болатын. Қазақ қоғамының бұл қасіретін қазақтың көзі ашық зиялы қауым өкілдері жақсы